

Ә.Қ. Таңсықбай*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>email: adilet_2_97@mail.ru**Д.К. Шаяхимов***Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
Көкшетау, Қазақстан* <https://orcid.org/0009-0009-9788-3156>email: DShayakhimov_1@shokan.edu.kz

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ (Ш. КӨРПЕБАЕВ КӨШІРМЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Бұл мақалада Ш. Көрпебаев көшірмелерінде сақталған Шәкәрім Құдайбердіұлының бірнеше өлең нұсқаларына салыстырмалы-текстологиялық талдау жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде осыған дейін арнайы қарастырылмаған «Бояулы суыр», «Елсіз қораға екінші барғанда», «Екінші күні қонғанда» өлеңдерінің баспа және қолжазба нұсқалары алынды. Аталған мәтіндердің таңдалуы Шәкәрім шығармаларының әр кезеңде қолжазба дәстүрінде сақталып, таралғанын көрсету мақсатымен байланысты. «Бояулы суыр» өлеңі ақынның ертерек кезеңдегі шығармаларының бірі болса, қалған өлеңдер Шәкәрімнің соңғы жылдардағы лирикасына жатады. Зерттеуде салыстырмалы-текстологиялық әдіс қолданылып, мәтіндік варианттар лексикалық, морфологиялық, фонетикалық және композициялық өзгерістер ретінде жіктелді. Дереккөз ретінде 1912 жылғы «Қазақ айнасы» жинағы, кейінгі академиялық басылымдар және Ш. Көрпебаев сақтаған қолжазба мәтіндер пайдаланылды. Қолжазба нұсқалар алғаш рет арнайы салыстырмалы талдау нысаны ретінде қарастырылып, олардың факсимилелері зерттеу материалына енгізілді. Талдау нәтижесінде «Бояулы суыр» өлеңінде 20, «Елсіз қораға екінші барғанда» өлеңінде 4, «Екінші күні қонғанда» өлеңінде 17 мәтіндік айырмашылық анықталды. Олардың басым бөлігі сөз алмастыру, жарыспалы тұлғалардың қолданылуы, жалғаулардың өзгеруі, сөздердің орын тәртібінің ауысуы және жекелеген жолдардың түсіп қалуы сияқты лексикалық, морфологиялық және фонетикалық өзгерістерден тұрады. Сонымен қатар кейбір

варианттардың өлеңдердің композициялық құрылымына, қайталау жүйесіне және образдық логикасына әсер ететіні байқалды. Зерттеу нәтижелері Ш. Көрпебаев көшірмелерінің Шәкәрім поэзиясының мәтіндік тарихын нақтылауда маңызды қосалқы дереккөз бола алатынын көрсетті. Қолжазба нұсқалар ақын шығармаларының қолжазба дәстүрде сақталу, таралу және өзгеру ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы; текстология; мәтін нұсқалары; қолжазба нұсқа; баспа нұсқа; салыстырмалы талдау; «Бояулы суыр»; «Елсіз қораға екінші барғанда»; мәтіндік айырмашылықтар.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 09.03.2026

Баспаға қабылданған мерзімі: 26.07.2026

Кіріспе

Қазақ қоғамындағы рухани және мәдени өзгерістер әдебиет арқылы көрініс табатыны зерттеулерде атап көрсетіледі (Kudaibergenova, 2019, p. 17). Осындай күрделі тарихи кезеңде өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлттық ой-сана, адамгершілік және рухани мәселелерді терең қозғаған ақындардың бірі болды. Ол Абай дәстүрін жалғастырып, қазақ поэзиясының идеялық және көркемдік дамуына елеулі ықпал етті (Smagulov, et al., 2024, p. 8). Қазақ ғылымындағы мәтінтанудың негізін қалап, жоғары деңгейге жеткізген Қ. Мұхамедханов: «Әдебиетіміздің тарихында ұзақ жыл орны ойсырап келген, елге ежелден белгілі болған ақын, жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен, Шаһкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені ол – Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда – бірегейі. Олай дейтініміз, Абай шәкірттерінің ішінде көп жасағаны да, көп жазғаны да – Шәкәрім» (Мұхамедханов, 2009, б. 39), – дейді. Өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген Шәкәрімнің шығармалары қазақ әдебиетінде айрықша орын алады.

Шәкәрім сөздің дәлдігі мен мағыналық айқындығын айрықша бағалаған. 1924 жылы «Қазақ тілі» газетінде жарияланған хатында ақын Физулидің өлеңді түсінбейтін адамнан, күншілден және қате басатын жазушыдан сақтауды тілегенін мысалға келтіріп, «Шолпан» журналында басылған «Ләйлә-Мәжнүн» шығармасының көп қатемен жарияланғанына наразылық білдіреді. «Өлеңімді

соқыр, ақсақ, шолақ қол қылыпты. Өлеңнен хабары бар кісі оқыса, ол менің кемшілігім емесін білер» (Мұхамедханов, 2009, б. 144), – деп жазады. Ақын-жазушы мұндай бұрмалаулар туындының мазмұнын өзгертіп, автор ойын теріс жеткізетіні жете түсінген және баспа ісіне асқан жауапкершілікпен қарауға шақырған.

Текстолог ғалымдардың пікірінше, тарихи себептерге байланысты Шәкәрім қолжазбаларының бір бөлігі жоғалып, жойылып кеткен. Төңкеріс кезеңі, саяси қуғын-сүргін мен репрессиялар ақын шығармаларын жүйелі сақтап, жариялауға мүмкіндік бермеді. Зерттеушілер мұны Шәкәрім мәтінтануындағы негізгі мәселелердің бірі ретінде бағалайды. Мысалы, қолжазба мұраларының бүгінгі күнге жетпеуі жүйелі ізденістерге қолбайлау болып отыр (Смагулова, т.б., 2024, б. 119). Шәкәрім өлеңдерінің нұсқалық айырмашылықтары, қолжазба мен баспа мәтіндерінің арақатынасы және редакциялық өзгерістер арнайы кешенді текстологиялық тұрғыдан әлі жүйелі зерттелмегені атап көрсетіледі (Смагулова, т.б., 2025, б.138). Қазіргі уақытта Шәкәрім поэзиясының текстологиясына арналған көлемді монография да, арнайы қорғалған диссертациялық зерттеу де жоқ, сондықтан қолжазба және баспа нұсқаларын салыстыра зерттеу ақын шығармаларының мәтіндік тарихын нақтылау үшін маңызды болып табылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының кітапханасы мен қолжазба мұрасының бір бөлігі сақталмағанымен, ақын шығармаларының едәуір бөлігі бүгінгі күнге жетті (Tursynkhanova, et al., 2024, p. 356), алайда Шәкәрім поэзиясының текстологиясы Абай мәтінтануы деңгейінде жүйелі ғылыми бағыт ретінде толық қалыптасқан жоқ. Ақын шығармаларының мәтіндік ерекшеліктерін алғаш арнайы қарастырған зерттеушілердің бірі – Қ. Мұхамедханов. Ол мәтін нұсқаларын салыстыру мен түзету мәселелеріне назар аударған бірқатар мақалалар жариялады (Мұхамедханов, 2009, б. 20–188).

М. Мағауин Шәкәрім шығармаларын жариялау ісіндегі текстологиялық мәселелердің күрделілігіне тоқтала отырып: «Текстологиялық жұмыстардың көптігін былай қойғанда, тыныс белгілерін түгендеп қойып шығудың өзі құрастырушыға үлкен жауапкершілік жүктейтіні тағы түсінікті болса керек» (Құдайбердіұлы, Мағауин, 1988, б. 249), – дейді.

Шәкәрім шығармаларының текстологиясын арнайы қарастырған зерттеушілердің бірі – А. Еспенбетов. Ғалым мәтіндегі аз ғана өзгерістің шығарманың көркемдік жүйесі мен авторлық идеясына әсер етуі мүмкін екенін атап көрсетіп, ақынның көзі тірісінде жарияланған мәтіндерді негізгі дереккөз ретінде қарастыру қажеттігін жазады (Еспенбетов, 2014, б. 58–59). Осы

ұстанымға сәйкес зерттеуде «Жәрдем» баспасынан шыққан жинақтағы өлең нұсқалары түпнұсқа мәтін ретінде негізге алынды. А. Смагулова да 1912 жылғы жинаққа енген шығармаларды канондық мәтін ретінде қарастыру қажеттігін атап көрсетеді (Смагулова, т.б., 2025, б. 141).

Шәкәрім шығармаларының текстологиясына арналған санаулы зерттеулердің бірі – Д. Шаяхимовтың «Шәкәрім поэмаларының текстологиясы» атты кандидаттық диссертациясы (Шаяхимов, 2007). Бұл еңбекте ақын поэмаларының нұсқалары қарастырылып, Ш. Көрпебаев сақтаған қолжазбалар ғылыми айналымға тартылды, алайда аталған көшірмелердегі лирикалық мәтіндер арнайы салыстырмалы-текстологиялық талдау нысаны ретінде зерттелген жоқ.

Материалдар және әдістер

Қазіргі текстология шығарманы оның таралуы мен сақталу тарихының кең аясында қарастыруды көздейді. Бұл ретте автор, көшірушілер мен оқырман қауым арасындағы өзара байланыс, сондай-ақ мәтіннің берілуі барысында пайда болған өзгерістер мен нұсқалық ерекшеліктер ескеріледі (Kapitan, 2025, р. 4). Зерттеуде пайдаланылған қолжазба нұсқаларының түп негізі Абай мен Шәкәрім шығармаларын ел арасына кеңінен насихаттаған әнші, сазгер Әбдіғали Алдажарұлына (1890–1937) қатысты. Қолжазбалардың бір бөлігі кейін оның қызы Үмиләнің отбасында сақталып, күйеу баласы Шыңғыс Сләмкұлұлы Көрпебаевтың қолына өткен. Қазіргі уақытта аталған материалдар Көкшетау қаласындағы жеке архив құрамында сақтаулы.

Әбдіғали Алдажарұлы (1-сурет) Шәкәрім Құдайбердіұлының жақын араласқан сенімді адамдарының бірі болған. Деректерге қарағанда, ақын Шақпақтағы Саят қорасында шығарған ән мәтіндері мен әуендерін Әбдіғалиға жолдап отырған. Этнограф С. Қасимановтың естелігінде 1924 жылы Жамбасқұдықта Шәкәрім өз әндерін Әбдіғалиға орындатып, мәтін мен әуен орындалуына байланысты түзетулер енгізгені айтылады (Бекхожина, 1989, б. 8). Бұл дерек Шәкәрімнің шығармаларының мәтіндік әрі музыкалық орындалуына авторлық бақылау жасағанын аңғартады. Сондай-ақ М. Әуезовтің Әбдіғали Алдажарұлынан бірқатар ән үлгілерін жазып алып, оларды «Абай жолы» эпопеясында пайдаланғаны туралы мәліметтер де кездеседі (Қасқабасов, 2011, б. 103).



Сурет 1. Әбдіғали Алдажарұлы (1890–1937) (Қызы Үмилә сақтаған фотосурет (осыған дейін еш жерде жарияланбаған))

Шәкәрімнің Әбдіғалиға деген сенімі мен ризашылығы 1931 жылы шығарылған *Сәлем*, «Әбдіғали бауырым – жалғызға» атты ән мәтінінен де көрінеді. Ақын бұл өлеңінде өз әндерін халық арасына таратуға рұқсат бергенін аңғартады:

Бұл – даусыңа сенің лайық ән,

Толға, бір нүктесін қалғызба! (Құдайбердіұлы, Еспенбетов, 2018, б. 273).

Қолжазбалардың кейінгі сақтаушысы Шыңғыс Сләмқұлұлы Көрпебаев (2-сурет) Аягөз өңірінде өмір сүрген. Ол әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Шәкәрім, Жамбыл, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларын көшірумен жүйелі түрде айналысқан. Шәкәрім өлеңдерінің едәуір бөлігін Әбдіғали Алдажарұлынан тікелей көшіріп алғанын Ш. Көрпебаев 1995 жылы Д. Шаяхимовқа берген жеке сұхбатында мәлімдеген.



Сурет 2. Шыңғысхан Көрпебаев (1909–1997), Әбдіғалиқызы Үмилә (2002 жылы қайтыс болды)

1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезеңінде Әбдіғали Алдажарұлы Шәкәріммен байланысы болғаны үшін тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Осы кезеңде қолжазбалардың жойылып кету қаупі туындаған. Шыңғысхан Көрпебаевтың Д. Шаяхимовқа берген ауызша мәліметіне қарағанда, Әбдіғали ұсталар алдында қолжазбаларды жасырын сақтау жөнінде ескерткен. Соған байланысты қолжазбалар теріге оралып, темір ыдысқа салынып жерге көмілген. Кейін қайта қазып алынғанда, материалдардың бір бөлігі ылғал әсерінен бүлінген, кей мәтіндердің оқылуы қиындаған, ал кейбір нұсқалар толық қалпына келтірілмеген. Ш. Көрпебаев бұл материалдарды ұзақ жылдар бойы жасырын сақтаған. Ол Шәкәріммен таныс болғаны үшін сотталып, кейін майданға жіберілген, соғыстан кейін де саяси сенімсіз адам ретінде бақылауда болған. Кеңестік кезеңдегі саяси жағдайға байланысты қолжазбалар көп уақыт ғылыми айналымға түспеген. Мәтіндер қара және күлгін сиямен жазылған. Қазіргі уақытта анықталған поэмалық мәтіндер үш дәптерден, ал өлеңдер мен нақыл сөздер жазылған материалдар төрт дәптерден тұрады. Қолжазбалардың физикалық сақталу деңгейі әртүрлі. Кейбір парақтар сарғайған, жиектері тозған, сиясы көмескіленген. Бірқатар мәтіндерде ылғалдың ізі байқалады. Жекелеген өлеңдерде көшірушінің түсіндірме сипатындағы ескертпелері мен даталары сақталған. Мысалы, «Мұтылғанның жаңадан туған балаға арнап шығарған өлеңі» деп белгіленген мәтіннің басында 1929 жыл деген жазу бар. Бұл өлең кейінгі басылымдарда 1918 жылға телініп келген.

1995 жылы Ш. Көрпебаев аталған материалдарды кейінгі ғылымизерттеулер үшін Д. Шаяхимовқа аманат етіп тапсырған. Соның нәтижесінде поэмалардың бір бөлігі «Шәкәрім поэмаларының текстологиясы» атты кандидаттық диссертацияда пайдаланылған (Шаяхимов, 2007). Алайда өлең мәтіндерінің басым бөлігі осы уақытқа дейін арнайы салыстырмалы-текстологиялық зерттеу нысанына айналмаған.

М. Мағауин айтып өткендей: «...мұндай көшірмелердің, қолжазба дәптер, кітаптардың бірталайы әлі күнге дейін халық арасында тарап жүргені байқалады. Әрине, қандай күйде, қайда сақталмасын, ескі қолжазбалардың бәрі де мәнді, бірақ нақтылық дәрежесі, ғылыми құндылығы бір деңгейде болмаса керек» (Құдайбердіұлы, Мағауин, 1988, б. 248). Б. Байғалиевтың «... қалайда ақын шығармаларының ел арасында бар қолжазба нұсқалары бір орталыққа жиналуы керек. Әсіресе, Семей (қазіргі Абай облысы – авт.), Шығыс Қазақстан облыстарының территориясында және осыларға қанаттас, жапсарлас өңірлерде ақын шығармаларының қолжазбалары кең тараған» (Құдайбердіұлы, т.б., 2000,

б. 308). Аталған қолжазбалар қазіргі уақытта түпнұсқа деп қабылданып жүрген мәтіндермен салыстырғанда белгілі бір мәтіндік айырмашылықтарға ие.

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиялық мұрасы көлемді әрі көпнұсқалы болғандықтан, оның барлық өлеңдерін бір мақала аясында толық текстологиялық тұрғыдан қамту мүмкін емес. Осыған байланысты зерттеу материалы мақсатты түрде шектеулі материал ретінде іріктелді. Шәкәрім өлеңдері текстологиясы мәселесін негіздеп талдау мақсатында «Бояулы суыр», «Елсіз қораға екінші барғанда», «Екінші күні қонғанда» өлеңдері зерттеу нысанына алынды. Өлең қолжазбаларының қолжетімділігі мен олардың осыған дейін арнайы қарастырылмағаны аталған өлеңдерді таңдауға себеп болды.

Мәтінтану ғылымында әртүрлі нұсқаларды өзара салыстыру арқылы мәтіннің тұрақты оқылымын анықтау, мәтіндік өзгерістердің пайда болу себептерін айқындау және көшіру барысында туған ауытқуларды саралау негізгі міндеттердің бірі болып саналады (Maas, 1958; West, 1973). Текстологияның мақсаты авторлық мәтінді толық қалпына келтіру емес, кейінгі көшірушілер енгізген өзгерістерді анықтап, неғұрлым ерте жазылған нұсқаларды қалпына келтіру арқылы түпнұсқаға барынша жақындау екенін атап өткен жөн (Males, 2023, p. 182–183). Мәтінді қалпына келтіру сақталған мәтіндік куәліктердің өзара байланысын анықтап, олардың оқылымдарын салыстыру мен бағалау арқылы жүзеге асады, бұл архетиптік нұсқаларды айқындауға мүмкіндік береді (Roelli, 2022, p. 2). Осыған байланысты зерттеуде ең алдымен салыстырмалы-текстологиялық әдіс қолданылды. Өлеңдердің баспа және қолжазба нұсқалары жолма-жол салыстырылып, мәтіндік айырмашылықтар тіркелді.

Текстологиялық талдауда Д.С. Лихачёв ұсынған мәтіннің тарихи қозғалысы мен нұсқалық өзгерістерін кешенді қарастыру принципі басшылыққа алынды (Лихачёв, 2001). Б.В. Томашевский (Томашевский, 1959), С.М. Бонди (Бонди, 1983) т.б. еңбектерінде көрсетілген мәтін варианттарын салыстыру, көшіруші өзгерістерін анықтау және олардың мәтіннің көркемдік құрылымына ықпалын бағалау ұстанымдары ескерілді.

«Бояулы суыр» деп аталған өлеңі алғаш рет 1912 жылы «Жәрдем» баспасынан жарық көрген «Қазақ айнасы» жинағы арқылы жеткен (3-сурет). Өлең Ш. Көрпебаевтың көшірме нұсқасымен (4-сурет) салыстырылып талданды.



Сурет 3. Шәкәрімнің «Бояулы суыр» өлеңінің 1912 жылғы «Жәрдем»
баспасынан шыққан жинақтағы нұсқасы
(Құдайбердіұлы, Қайрамбаева, 2013, б. 86–88)



Сурет 4. «Бояулы суыр» өлеңінің Ш. Көрпебаев ұсынған нұсқасы

«Елсіз қораға екінші барғанда», «Екінші күні қонғанда» (5-сурет) – ақынның шығармашылық шеберханасы «Саят қорада» жазған өлеңдері. «Елсіз қорада», «Елсіз қораға екінші барғанда», «Екінші күні қонғанда», «Не күшті – себеп болған тағдыр күшті», «Мың тоғыз жүз отызыншы» атты өлеңдер 1930 жылдары жазылған. Ақынның оқшау өмір сүрген соңғы жылдарындағы көңіл күйін, дүниетанымын ашатын бұл туындылар ұзақ уақыт бойы жинақтарға енгізілмей, ғылыми және оқырмандық айналымнан тыс қалып келді. «Елсіз қорада» өлеңі «Абай» журналының 1994 жылғы № 9 санында *Есіз қорада* деп қате берілген (дұрысы: *Елсіз қорада* немесе *Иесіз қорада*). Осы зерттеуде өлең мәтіні 2018 жылы А. Еспенбетов құрастырған басылым негізінде берілді.



Сурет 5. «Елсіз қораға екінші барғанда», «Екінші күні қонғанда» өлеңдерінің
Ш. Көрпебаев ұсынған нұсқалары

Нәтижелер мен талқылау

Мысалы, «Бояулы суыр» өлеңінің түпнұсқасы (Құдайбердіұлы, Қайрмабаева, 2013, б. 86–88) мен Ш. Көрпебаев нұсқасы арасында 20 жерде айырмашылық бар (1-кесте).

Кесте 1. «Бояулы суыр» өлеңінің түпнұсқасы мен Ш. Көрпебаев ұсынған нұсқа арасындағы айырмашылықтар

Түпнұсқа	Ш. Көрпебаев көшірмесі
<i>Бір суыр адасыпты оттап жүріп</i>	<i>Бір суыр адасты оттап жүріп</i>
<i>Ит қуалап тыққан соң иесіз үйге</i>	<i>Ит қуалап тыққан соң кигіз үйге</i>
<i>Інін әзер тапты</i>	<i>Үйін әрең тапты</i>
<i>Байқады өз үстіне көзін салып</i>	<i>Байқайды өз үстіне көзін салып</i>
<i>Қараса, тамам жүні құбылып тұр</i>	<i>Қараса, тым жүні құбылып тұр</i>
<i>Суыр деп айтар емес жолдастары</i>	<i>Суыр деп айта алмады жолдастары</i>
<i>Бұл суыр түрін көріп көп ойлады</i>	<i>Бұл суыр түрін көріп ойланады</i>
<i>Бейшара түкті білмей неге ойлады</i>	<i>Бишара түкті білмейді, неге ойлады</i>
<i>Шақылдап шақырған соң дабыс беріп</i>	<i>Шықылдап шақырған соң дыбыс беріп</i>

<i>Таңырқап, таңқалады бәрі келіп</i>	<i>Таңырқап, таңқалады бәрі көріп</i>
<i>Бір құс бар тауыс деген</i>	<i>Бір құс бар дауыс деген (~дауыстаған)</i>
<i>Берінті құдай маған сондай нәсіл</i>	<i>Берінті бір құдайым сондай нәсіл</i>
<i>Болыппын бүгін түнде мен де тауыс</i>	<i>Болыппын бүгін түнде мен де сондай</i>
<i>Тауыс деңдер мені енді, суыр демей</i>	<i>Тауыс деңдер мені енді, суыр демен</i>
<i>Қорқыңдар рұқсатсыз шөп те жемей</i>	<i>Қорқыңдар рұқсатсыз шөпті жемей</i>
<i>Жүнім асыл, сендерден түрім бөлек</i>	<i>Жүнім жасыл, сендерден түрім бөлек</i>
<i>Түрі жат, бұған қайтіп тең келеді</i>	<i>Түрі бөлек, бұған қайтіп тең келеді</i>
<i>Ін түбінде бар екен кәрі суыр</i>	<i>Ең түбінде бар екен қары суыр</i>
<i>Аяңдап ең соңында сол келеді</i>	<i>Аяңдап ең соңында бұл келеді</i>
<i>Қане, сен де сайрашы, тауыс болсаң</i>	<i>Қазір інде сайра, ұш, тауыс болсаң</i>

Өлеңде суырдың сыртқы келбеті сипатталғанда, оның терісіне қатысты тек «жасыл» сөзі қолданылатынын атап өткен жөн. «Жәрдем» басылымындағы нұсқада асыл мен жасыл сөздерінің қолданысы:

1. Болады кейде **жасыл**, кейде сары, Құлпырып, түрленіп тұр жүннің бәрі;
2. Бір құс бар тауыс деген жүні **жасыл**;
3. Аң бар ма бұ дүниеде менен **асыл**?;
4. Жүнім **асыл**, сендерден түрім бөлек.
5. Жүнің **жасыл** болғанмен, өзің суыр түрінде, ал Ш. Көрпебаев көшірмесінде асыл сөзі жүнге қатысты тұрақты қолданып, асыл тұлғасы суырдың астамшыл, менмен бейнесін танытатын *Аң бар ма бұ дүниеде менен асыл?* деген жолда ғана жұмсалған. Сөйтіп лексикалық деңгейде қисыны сақталып тұр.

Сондай-ақ мәтінде қайталау тәсілі қолданылған. Мысалы,

1. ең сөзі:

***Ең** түбінде бар екен кәрі суыр,
Аяңдап **ең** соңында сол келеді;*

2. бөлек сөзі:

*Жүнім жасыл, сендерден **түрім бөлек**, /.../*

***Түрі бөлек**, бұған қайтіп тең келеді?* қайталанып, мәтіннің композициялық

тұтастығын күшейтеді.

Түпнұсқада:

***Ін түбінде** бар екен кәрі суыр,
Аяңдап **ең соңында** сол келеді;*

*Жүнім асыл, сендерден түрім бөлек», /.../
Түрі жат, бұған қайтіп тең келеді.*

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қайталау тәсілін шебер қолданған ақындардың бірі. Ақын поэзиясының тілін лексика-функционалды қырынан зерделеген ғалым Б. Момынова осыған қатысты: «Шәкәрім қайталауларының түрі көп, олардың қызмет аясы да кең» (Момынова, 2008, б. 77), – деп жазады. Концепт негіздеуші кілт сөздерді өлеңінің өң бойында қайталап қолдану тәсілінің үлгісін «Анадан алғаш туғанымда» өлеңінен байқауымызға болады. Мысалы: *Жас өмір – қызық, оны біл деп; Қызықтап өмір ұнадым мен; Мұқтаждық – өмір жолы бұл деп; Көбейді мұқтаж жиындап; Көрсетер мұқтаж азап саған* т.с.с. жалпы мәнді айшықтайтын сөздерді қайталап қолданады. «Бояулы суыр» өлеңінің бұл нұсқасында аталған тәсілдің қолданылғаны назар аудартады.

Сонымен, түпнұсқа мен өлеңнің қарастырылып жатқан нұсқасы арасында 20 тілдік айырмашалық бар, оның ішінде: *адасты – адасыпты, байқайды – байқады, ойлады – ойланады, білмей – білмейді, демей – демен* сияқты алмасулар есебінен ұйқас пен ырғақ бұзылып жатады, сондықтан оларды көшірмеші қателігі ретінде қарастыруға негіз бар. Бұлар өлеңнің жалпы мәнін қабылдауға елеулі әсер етпейді. *Қары – кәрі, дабыс – дыбыс және тауыс – дауыс* – жарыспалы сөздер. Айта кетерлігі, қазақ тілінде *дауыс* тұлғасы кейбір мәтіндерде *құс* атауына қатысты да қолданылған, яғни «тотықұс» мағынасында ұшырасады. *Әрең – әзер, шықылдап – шақылдап, ойланады (көп сөзі түсірілді) – көп ойлады, айта алмады – айтар емес, бөлек – жат* сияқты алмасулардағы сөздер мағыналары жағынан іргелес болғандықтан, мәтіннің жалпы мазмұнын айтарлықтай өзгертпейді. Түпнұсқадағы *Ит қуалап тыққан соң иесіз үйге* көшірмеде *Ит қуалап тыққан соң кигіз үйге* деп берілген. *Кигіз үй* этнографизмі оқиға өткен жерді көзге елестетуді жеңілдеткенімен, асылында *иесіз үй* тұлғасы қолданылған деп топшылаймыз, себебі иесіз мекен ұғымы (қараусыз, иесіз қалған пана) ақын шығармашылығында негізгі концепт түзуші сөздердердің бірі (мысалы: *елсіз қора, иесіз там* т.б.).

Құдай маған тіркесінің *бір құдайым* түрінде берілуі назар аудартады. Кеңестік кезеңдегі атеистік идеология жағдайында аталған сөзінің басылымдарда өзгертіліп берілгені белгілі – Шәкәрім мәтіндеріндегі *құдай* сөзінің редакциясын Қ. Мұхамедхановтың «*Құдай* деген сөзден құдай сақтасын» атты еңбегінде (Мұхамедханов, 2009, б. 154–179) арнайы қарастырған. Мәнге біршама әсер етуі мүмкін келесі бір айырмашылық кәрі суырдың бояулы суырға қарата айтқан уәжінде көрінеді. *Қане, сен де сайрашы, тауыс болсаң* сөзі бұнда *Қазір інде*

сайра, ұш, тауыс болсаң түрінде берілген. Мұндай талап жағдайдың абсурдтық сипатын одан әрі күшейтеді, өйткені оқырман өлеңді оқығанда көз алдына суыр пен тауысты елестетеді. *Ұшып көр* деген талап осы қайшылықты әдейі шиеленістіріп, кейіпкердің жалған бейнесін әшкерелейді.

Жалғыздық – жазушылық дарыннан туындайтын нәтиже. Сонымен бірге, жалғыздық поэтикалық шығармашылықтың шабыт көзі мен қозғаушы күшіне айналады. Дарын иелері оңашалықтың мол әрі терең кеңістігін іздейді және жалғыздық тәжірибесін автопоэзиске, яғни өзін-өзі дербес рухани өзгерту мен жаңашыл шығармашылық тудыруға пайдаланады (Galanaki & Malafantis, 2024, p. 90). Шәкәрімнің жалғыздыққа негізделген шығармашылық өмірінің негізгі кеңістігі «Саят қора» болды. Ақын алғашқы Саят қорасын 1912 жылы Кеңқоныс жайлауында салдырған, алайда 1924 жылы қоғамдық-саяси жүйе өзгеріп, бұл жер жаңадан қоныстанған шаруалардың иелігіне өтіп кеткен. Осыдан кейін Шәкәрім 1925 жылы бұрынғы қорадан шамамен он тоғыз шақырым қашықтықтағы Шақпақтың күнге бетінен жаңа Саят қора тұрғызады. Ақын өмірінің соңғы кезеңін осы елсіз қоныста өткізіп, 1931 жылы қаза тапқанға дейін сонда тұрған.

Шәкәрім Саят қорада өмір сүрген кезеңінің рухани болмысын «Мұтылғанның өмірі» шығармасында, өзге де бірқатар өлеңдерінде бейнелеп қалдырған. Олардың қатарында «Қатты ауырғанда», «Иесіз қораға екінші барғанда», «Екінші күн қонғанда» секілді өлеңдері (Сыдықов, Шанбай, 2025, б. 33).

«Қазақ айнасы» жинағындағы «Елсіз қораға екінші барғанда» өлеңі (Құдайбердіұлы, Еспенбетов, 2018, б. 315–316) мен Ш. Көрпебаев ұсынған көшірме қолжазбасы арасында 4 тілдік ерекшелік анықталды (2-кесте).

Кесте 2. «Елсіз қораға екінші барғанда» өлеңінің баспа нұсқасы мен Ш. Көрпебаев ұсынған нұсқа арасындағы айырмашылықтар

«Фолиант» баспасы	Ш. Көрпебаев көшірмесі
<i>Күрсініп, күрілдеп тұр мұңлы боран</i>	<i>Күрсініп күрілдейді мұңлы боран</i>
<i>Бар ғой деп айуанда да ақыл-сана</i>	<i>Бар ғой деп айуанда да ақыл-дана</i>
<i>Ол айтты: Мен шыдаймын қарласам да</i>	<i>Ат айтты: Мен шыдаймын қарласам да</i>
<i>Боранда жылынсаңшы елге барып</i>	<i>Боранда жайлансаңшы елге барып</i>

Бұлардың бір бөлігі көшіру барысында туған графикалық немесе лексикалық ауытқулармен байланысты. Мысалы, *ақыл-сана* тіркесінің *ақыл-дана* түрінде берілуі көшіруші жаңсақтығынан туған сияқты, өйткені түпнұсқада

ақын жануардың түйсік иесі екенін меңзейді. Ол айтты жолының ат айтты деп нақтылануы мәтінді түсініктірек еткенімен, авторлық баяндау реңкін тарылтады. Жылынсаңшы сөзінің жайлансаңшы түрінде берілуі өлеңнің ішкі қисынына толық сәйкес келмейді, себебі мәтінде боран мен суықтан қорғану мәселесі негізгі орын алады, сондықтан түпнұсқадағы жылыну етістігі өлеңнің эмоционалдық және мағыналық жүйесіне жақынырақ көрінеді.

«Екінші күні қонғанда» өлеңінің баспа нұсқасы (Құдайбердіұлы, Еспенбетов, 2018, б. 317–320) мен Ш. Көрпебаев ұсынған нұсқа арасында 17 мәтіндік айырмашылық бар (3-кесте).

Кесте 3. «Екінші күні қонғанда» өлеңінің баспа нұсқасы мен Көрпебаев ұсынған нұсқа арасындағы айырмашылықтар

«Фолиант» баспасы	Ш. Көрпебаев көшірмесі
<i>Жыла да зарла, толған да</i>	<i>Зарла да жыла, толған да</i>
<i>Жүгенің шешіп алайын</i>	<i>Жүгенді шешіп алайын</i>
<i>Көдені жайлап жұлып ап</i>	<i>Көдені шаптап жұлып ап</i>
<i>Ғафырдан қалған көп жетім</i>	<i>Қапырдан қалған көп жетім</i>
<i>Нәпсіні мүлде тастасын</i>	<i>Намысты мүлде тастасын</i>
<i>Қасымды түнде жай қылған</i>	<i>Қасымды күнде жай қылған</i>
<i>Біреуі мені қимаған</i>	<i>Бәрі түге мені қимаған</i>
<i>Тентек сары Рухым</i>	<i>Тентек сары Ұрығым</i>
<i>Айуандық қылып, шалдырмай)</i>	<i>Айуандыққа шалдырмай</i>
<i>Ғафыр өлді, қайғырдық</i>	<i>Қапыр өлді, қайғырдық</i>
<i>«Тірілді ме?!» деп айтам</i>	<i>Тіршілікте деп айтам</i>
<i>«Жыламасын», – деп айтам</i>	<i>Қайғырмасын деп айтам</i>
<i>Қорама келіп жетіп ем</i>	<i>Қорама келіп жатып ем</i>
<i>Бір шұңқырға тығарсың</i>	<i>Бір шұқырға тығарсың</i>
<i>Әр сөзін бір шоқырсың</i>	<i>Әр жерін бір шоқырсың</i>
<i>Кей мисыздар алақтар</i>	<i>Кей ессіздер далақтап</i>
<i>Айтқаныммен жүрсеңдер</i>	<i>Анық сырын білсеңдер, Айтқаныммен жүрсеңдер</i>
<i>Жыла да зарла, толған да</i>	<i>Зарла да жыла, толған да</i>
<i>Жүгенің шешіп алайын</i>	<i>Жүгенді шешіп алайын</i>
<i>Көдені жайлап жұлып ап</i>	<i>Көдені шаптап жұлып ап</i>

Олардың басым бөлігі лексикалық, морфологиялық және фонетикалық өзгерістерден тұрады. Мысалы, *жыла да зарла – зарла да жыла* орын тәртібінің ауысуы, *жүгенің – жүгенді* морфологиялық айырмашылығы немесе *шұңқыр – шұқыр* сияқты фонетикалық жарыспалы тұлғалар өлеңнің жалпы мазмұнына елеулі әсер етпейді.

Мәтіндегі жекелеген айырмашылықтардың бір бөлігі нақты есімдер мен ұғымдардың бұрмалануымен байланысты. Мысалы, қолжазбада кездесетін *Қапыр* тұлғасы Шәкәрімнің тұңғыш ұлы *Ғабдулғафур* есімінің қысқарған не фонетикалық өзгерген нұсқасы болуы ықтимал. Сол сияқты *Тентек сары Рухым* жолындағы *Рухым* сөзі қолжазбада *Ұрығым* түрінде берілген. Контекстік және биографиялық деректерге сүйенсек, мұндағы *Рух* – Ахат Шәкәрімұлының баласының есімі, сондықтан бұл айырмашылық графикалық ұқсастықтан туған көшіруші жаңсақтығы ретінде қарастырылады.

Кейбір алмасулар өлеңнің мағыналық құрылымына тікелей әсер етеді. Мысалы, түпнұсқадағы *Нәпсіні мүлде тастасын* жолының *Намысты мүлде тастасын* түрінде берілуі мәтіннің философиялық мазмұнын өзгертеді, өйткені Шәкәрім поэзиясында *нәпсі* ұғымы адамдық кемелденуге қарсы қойылатын негізгі моральдық категориялардың бірі болып табылады. *Кей мисыздар алақтар* жолының *Кей ессіздер далақтап* түрінде берілуі эмоционалдық реңкті сақтағанымен, авторлық қолданыстың экспрессиялық сипатын әлсіретеді.

Жаңа деректер мен жаңадан табылған қолжазбаларды зерттеуге тарту талдаудың дәлдігін жетілдіріп, нәтижелердің нақтылығын үнемі арттыруға мүмкіндік береді (Pоровіс, et al., 2024, p. 14). Мәселен, қолжазбада өзге басылымдарда кездеспейтін қосымша жол да сақталған. *Жүрекке түйіп тығып ал* тармағынан кейін берілген *Анық сырын білсеңдер* жолы өлеңнің ұйқас және мағыналық жүйесіне қайшы келмейді. Бұл жолдың шығу төркінін нақты анықтау қиын болғанымен, оны көшіруші енгізген қосымша немесе қолжазба дәстүрінде сақталған варианттардың бірі ретінде қарастыруға болады. Мұндай ерекшеліктер қолжазба мәтіндерінің көшіру және таралу барысында өзгеріске ұшырап отырғанын көрсетеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу барысында «Бояулы суыр» өлеңінде 20, «Елсіз қораға екінші барғанда» өлеңінде 4, «Екінші күні қонғанда» өлеңінде 17 айырмашылық анықталып, барлығы 41 мәтіндік вариант тіркелді. Аталған айырмашылықтардың басым бөлігі лексикалық, морфологиялық және фонетикалық өзгерістерден тұрады. Олардың қатарына сөз алмастыру,

жарыспалы тұлғалардың қолданылуы, жалғаулардың өзгеруі, сөздердің орын тәртібінің ауысуы және жекелеген жолдардың түсіп қалуы жатады.

Варианттардың бір бөлігі көшіру барысында туған графикалық немесе дыбыстық жаңсақтықтармен байланысты екені байқалады. Мысалы, *ақыл-сана – ақыл-дана, жылынсаңшы – жайлансаңшы, нәпсіні – намысты* сияқты алмасулар мәтін мағынасына немесе өлеңнің ұйқас-ырғақ жүйесіне белгілі дәрежеде нұқсан келтіреді. Мәтінді ықшамдау, жолдардың орын ауыстыруы немесе көшірушінің мәтінді саналы түрде жүйелеуге ұмтылуы нәтижесінде пайда болғаны аңғарылады.

Қолжазбада мәтіндік тұрғыдан назар аудартатын жекелеген варианттар да сақталған. Мысалы, «Бояулы суыр» өлеңіндегі *жасыл* және *асыл* сөздерінің қолданысы, *бөлек* сөзінің қайталануы, сондай-ақ «Екінші күні қонғанда» өлеңінде *Анық сырын білсеңдер* жолының қосымша берілуі қолжазба нұсқаларының мәтіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Мұндай варианттардың бірқатары өлеңнің композициялық құрылымына, образдық логикасына және поэтикалық жүйесіне әсер етеді. Ш. Көрпебаев көшірмелері түпнұсқа емес, бірақ мәтіндік дәстүрді нақтылауға мүмкіндік беретін қосалқы дереккөз ретінде бағаланады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің 2026–2027 ж. үшін «Нәтижелі ғылым» гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан «Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясы» атты ғылыми жобасы аясында жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Бонди С.М. Черновики Пушкина: статьи 1930–1970-х гг. Москва: Книга, 1983. 230 с.
- Еспенбетов А. Шығармалары. Монография. Астана: Фолиант, 2014. 368 б.
- Құдайбердіұлы Ш., Байғалиев Б., Қасейінұлы Е. Иманым. Алматы: Арыс, 2000. 321 б.
- Құдайбердіұлы Ш., Еспенбетов А. Шығармалары. Астана: Фолиант, 2018. 460 б.
- Құдайбердіұлы Ш., Қайрамбаева М. Қазақ айнасы (бірінші бөлім). Семей: Абайдың мемлекеттік қорық мұражайы, 2013. 105 б.
- Құдайбердіұлы Ш., Мағауин М. Жолсыз жаза: өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жалын, 1988. 253 б.
- Лихачёв Д.С. Текстология: на материале русской литературы X–XVII вв. Санкт-Петербург: Алетейя, 2001. 759 с.
- Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). Алматы: Арыс, 2008. 256 б.

- Мұхамедханов Қ. Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас. Астана: Фолиант, 2009. 325 б.
- Смагулова А.Т., Еспенбетов А.С., Ердембеков Б.А. Шәкәрім поэзиясындағы текстология мәселелері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. № 1(113). 2024. Б. 119–127. <https://doi.org/10.31489/2024Ph1/119-127>
- Смагулова А.Т., Әубәкір Ж.М., Мағазбеков Н.Ж. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің түпнұсқасын түзудегі мәтінтану және деректану принциптері // Керуен. № 4 (89). 2025. Б. 136–146. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-9>
- Сыдықов Е., Шанбай Т. Шәкәрімнің «Саят қорасы» тарихи-мәдени құндылық: жалғыздық пен еркіндік мәселесі // Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. № 3(152). 2025. Б. 19–36. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-19-36>
- Томашевский Б.В. Писатель и книга: очерк текстологии. Москва: Искусство, 1959. 279 с.
- Шаяхимов Д.Қ. Шәкәрім поэмаларының текстологиясы: филол. ғылымд. канд. дис. Астана, 2007. 129 б.
- Galanaki, E.P., & Malafantis, K.D. (2024). Loneliness and solitude in gifted writers: the legacies of childhood. *Journal of Psychosocial Studies*, 17(1), 77–97. <https://doi.org/10.1332/14786737Y2024D000000012>
- Kapitan, K.A. (2025). A Digital Perspective on the Role of a Stemma in Material-Philological Transmission Studies. *Studier i Nordisk*, 1–23. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2505.06938>
- Kudaibergenova, D.T. (2019). *Rewriting the nation in modern Kazakh literature: Elites and narratives*. Lexington Books.
- Males, M. (2023). Textual criticism and Old Norse philology. *Studia Neophilologica*, 95(2), 180–204. <https://doi.org/10.1080/00393274.2023.2205888>
- Popović, M., Dhali, M.A., Schomaker, L., van der Plicht, J., Rasmussen, K.L., La Nasa, J., Degano, I., Colombini, M.P., & Tigchelaar, E. (2024). Dating Ancient Manuscripts Using Radiocarbon and AI-Based Writing Style Analysis. *arXiv preprint, arXiv:2407.12013*. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2407.12013>
- Roelli, P. (2023). On the Usability of Available Digital Tools for Reconstructive Textual Editing. *Journal of Data Mining and Digital Humanities*, On the Way to the Future of Digital Manuscript Studies, 1–18. <https://doi.org/10.46298/jdmdh.9794>
- Smagulov, N., Issakhan, M., Mukhitdinov, R., & Zhamashev, A. (2024). The influence of Shakarim Kudaiberdiev's work on the economic, cultural, and

spiritual development of Kazakhstan in the late 19th century and early 20th century. *Pharos Journal of Theology*, 105(3), 1–9. <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.314>

Tursynkhanova, K., Espenbetov, A., Smagulova, A., Aitova, Z., & Mursalim, G. (2024). Shakarim Kudaiberdiev's library as a reflection of spiritual and scientific quests: On the development of the poet's aesthetic and philosophical principles. *Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics*, 56, 352–360. <https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.35sof2>

References

- Bondi, S.M. (1983). *Chernoviki Pushkina: stat'i 1930–1970-kh gg.* [Pushkin's drafts: Articles of the 1930s–1970s]. Moskva: Kniga. (in Russ.).
- Espenbetov, A. (2014). *Shygarmalary* [Works]. Astana: Foliant. (in Kaz.).
- Galanaki, E.P., & Malafantis, K.D. (2024). Loneliness and solitude in gifted writers: the legacies of childhood. *Journal of Psychosocial Studies*, 17(1), 77–97. <https://doi.org/10.1332/14786737Y2024D000000012>
- Kapitan, K.A. (2025). A digital perspective on the role of a stemma in material-philological transmission studies. *Studier i Nordisk*, 1–23. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2505.06938>
- Kudaiberdiuly, Sh., & Espenbetov, A. (2018). *Shygarmalary* [Works]. Astana: Foliant. (in Kaz.).
- Kudaiberdiuly, Sh., & Kairambaeva, M. (2013). *Qazaq ainasy (birinshi bolim)* [Kazakh mirror (Part One)]. Semey: Abaidyn memlekettik qoryq murazhaiy. (in Kaz.).
- Kudaiberdiuly, Sh., & Magauin, M. (1988). *Zholsyz zhaza: olender men poemalar* [Wrongful sentence: Poems and narrative poems]. Almaty: Zhalyyn. (in Kaz.).
- Kudaiberdiuly, Sh., Baigaliyev, B., & Kaseiinuly, E. (2000). *Imanym* [My faith]. Almaty: Arys. (in Kaz.).
- Kudaibergenova, D.T. (2019). *Rewriting the nation in modern Kazakh literature: Elites and narratives*. Lexington Books.
- Likhachov, D.S. (2001). *Tekstologiya: na materiale russkoi literatury X–XVII vv.* [Textual criticism: Based on Russian literature of the 10th–17th centuries]. Sankt-Peterburg: Aleteiya. (in Russ.).
- Males, M. (2023). Textual criticism and Old Norse philology. *Studia Neophilologica*, 95(2), 180–204. <https://doi.org/10.1080/00393274.2023.2205888>
- Momynova, B. (2008). *Shakarim poeziyasynyn tili (leksika-funktsionaldy rakurs)* [The language of Shakarim's poetry (Lexical-functional perspective)]. Almaty: Arys. (in Kaz.).

- Mukhamedkhanov, K. (2009). *Shakarim men Kaiym. Tagdyrlas* [Shakarim and Kaiym. Shared destiny]. Astana: Foliant. (in Kaz.).
- Popović, M., Dhali, M.A., Schomaker, L., van der Plicht, J., Rasmussen, K.L., La Nasa, J., Degano, I., Colombini, M.P., & Tigchelaar, E. (2024). Dating ancient manuscripts using radiocarbon and AI-based writing style analysis. *arXiv preprint, arXiv:2407.12013*. <https://doi.org/10.48550/arXiv.2407.12013>
- Roelli, P. (2023). On the usability of available digital tools for reconstructive textual editing. *Journal of Data Mining and Digital Humanities*, On the Way to the Future of Digital Manuscript Studies, 1–18. <https://doi.org/10.46298/jdmdh.9794>
- Shaiakhimov, D.K. (2007). Shakarim poemalarynyn tekstologiyasy [Textual criticism of Shakarim's poems]. Dis. ... kand. filol. nauk. (in Kaz.).
- Smagulov, N., Issakhan, M., Mukhitdinov, R., & Zhamashev, A. (2024). The influence of Shakarim Kudaiberdiev's work on the economic, cultural, and spiritual development of Kazakhstan in the late 19th century and early 20th century. *Pharos Journal of Theology*, 105(3), 1–9. <https://doi.org/10.46222/pharosjot.105.314>
- Smagulova, A.T., Aubaikir, Zh.M., & Magazbekov, N.Zh. (2025). Shakarim Qudaiberdiuly olenderinin tupnusqasyn tuzudegi matintanu zhane derektanu printsipteri [Textual and source-study principles of establishing the original text of Shakarim Kudaiberdiuly's poems]. *Keruen*, 4(89), 136–146. (in Kaz.). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-9>
- Smagulova, A.T., Espenbetov, A.S., & Erdembekov, B.A. (2024). Shakarim poeziyasindagy tekstologiya maseleleri [Problems of textual criticism in Shakarim's poetry]. *Bulletin of Karaganda University. Philology Series*, 1(113), 119–127. (in Kaz.). <https://doi.org/10.31489/2024Ph1/119-127>
- Sydykov, E., & Shanbai, T. (2025). Shakarimnin “Sayat qorasy” tarikhi-madeni qundylyq: zhalgyzdyq pen erkindik maseleleri [“Sayat qora” («Hunting-box») as a historical and cultural value: issues of solitude and freedom]. *JETE – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 3(152), 19–36. (in Kaz.). <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-19-36>
- Tomashevsky, B.V. (1959). *Pisatel' i kniga: ocherk tekstologii* [The writer and the book: An essay on textual criticism]. Moskva: Iskusstvo. (in Russ.).
- Tursynkhanova, K., Espenbetov, A., Smagulova, A., Aitova, Z., & Mursalim, G. (2024). Shakarim Kudaiberdiev's library as a reflection of spiritual and scientific quests: On the development of the poet's aesthetic and philosophical principles.

Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 56, 352–360. <https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.35sof2>

А.К. Тансыкбай, Д.К. Шаяхимов

*Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова
Кокшетау, Казахстан*

ТЕКСТОЛОГИЯ СТИХОТВОРЕНИЙ ШАКАРИМА (НА ОСНОВЕ КОПИЙ Ш. КОРПЕБАЕВА)

Аннотация. В данной статье проведён сравнительно-текстологический анализ нескольких стихотворных вариантов Шакарима Кудайбердиева, сохранившихся в рукописных копиях Ш. Корпебаева. В качестве объекта исследования были выбраны ранее специально не рассматривавшиеся печатные и рукописные версии стихотворений «Бояулы суыр», «Елсіз қораға екінші барғанда» и «Екінші күні қонғанда». Выбор этих текстов связан со стремлением показать, что произведения Шакарима разных периодов творчества сохранялись и распространялись в рукописной традиции. Стихотворение «Бояулы суыр» относится к раннему периоду творчества поэта, тогда как остальные тексты были написаны в последние годы его жизни. В исследовании использован сравнительно-текстологический метод, а выявленные варианты классифицированы как лексические, морфологические, фонетические и композиционные изменения. В качестве источников были привлечены тексты сборника «Қазақ айнасы» 1912 года, последующие академические издания и рукописные материалы, сохранённые Ш. Корпебаевым. Рукописные тексты впервые стали объектом специального сравнительного анализа, а их факсимиле введены в исследовательский оборот. В результате анализа выявлено 20 различий в стихотворении «Бояулы суыр», 4 – в «Елсіз қораға екінші барғанда» и 17 – в «Екінші күні қонғанда». Большинство различий связано с заменой слов, употреблением вариантных форм, изменением аффиксов, перестановкой слов и выпадением отдельных строк. Установлено, что часть вариантов влияет на композиционную структуру, систему повторов и образную логику стихотворений. Результаты исследования показывают, что рукописные копии Ш. Корпебаева являются важным дополнительным источником для уточнения текстовой истории поэзии Шакарима.

Ключевые слова: Шакарим Кудайбердиұлы; текстология; варианты текста; рукописная версия; печатная версия; сравнительный анализ; «Бояулы суыр»; «Елсіз қораға екінші барғанда»; текстовые различия

A.K. Tangsykbay, D.K. Shaiakhimov
Shokan Ualikhanov Kokshetau University
Kokshetau, Kazakhstan

TEXTUAL CRITICISM OF SHAKARIM'S POEMS (BASED ON SH. KORPEBAYEV'S MANUSCRIPT COPIES)

Abstract. This article presents a comparative textual analysis of several versions of Shakarim Kudaiberdiuly's poems preserved in Sh. Korpebayev's manuscript copies. It examines the printed and manuscript versions of "Boyauly suyr," "Elsiz qorağa ekinshi barganda," and "Ekinshi күni qonganda," which have not previously been subjected to dedicated textual analysis. These poems were selected to demonstrate that Shakarim's works from different periods of his career were preserved and transmitted within the manuscript tradition. "Boyauly suyr" belongs to the early period of the poet's career, whereas the other two poems were written in the final years of his life. The study employs comparative textual analysis, with the identified textual variants classified as lexical, morphological, phonetic, and compositional changes. The sources include texts from the 1912 collection *Qazaq ainasy*, subsequent academic editions, and manuscript materials preserved by Sh. Korpebayev. For the first time, the manuscript texts are subjected to dedicated comparative analysis, and their facsimiles are introduced into scholarly circulation. The analysis identified 20 textual differences in "Boyauly suyr," 4 in "Elsiz qorağa ekinshi barganda," and 17 in "Ekinshi күni qonganda." Most of the differences involve word substitutions, the use of variant forms, affix changes, word-order shifts, and the omission of individual lines. Some variants also affect the poems' compositional structure, repetition patterns, and figurative logic. The findings demonstrate that Sh. Korpebayev's manuscript copies constitute an important supplementary source for clarifying the textual history of Shakarim's poetry.

Keywords: Shakarim Kudaiberdiuly; textual criticism; textual variants; manuscript version; printed version; comparative analysis; "Boyauly suyr"; "Elsiz qorağa ekinshi barganda"; textual differences

Авторлық үлестер

Таңсықбай Ә.Қ. – тұжырымдама, формалды талдау, зерттеу жүргізу, жазу – бастапқы жоба.

Шаяхимов Д.К. – әдіснама, деректерді басқару, бағдарламалық қамтамасыз ету, жазу – шолу және редакциялау, тексеру.